

## Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 8 тамыздағы № 134-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту, Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің 2013 жылғы 6 – 7 шілдеде Қазақстан Республикасына жұмыс сапарын (бұдан әрі – сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз е т у м а қ с а т ы н д а :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес «1+5» форматы бойынша Ресей Федерациясының ресми делегациясының мүшелеріне жоғары деңгейде қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын, сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2013 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету» , 003 «Республикалық деңгейдегі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» және 004 «Жекелеген азаматтар санатына медициналық көмек көрсету» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайында, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Ресей Федерациясының Президенті В. Путиннің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

2) Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық

ақпарат құралдарында жария етуді және Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз е т с і н .

6. Астана қаласының әкімдігі Ресей Федерациясының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, баратын орындарда бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарламалар ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Ресей Федерациясының Президентін қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті Ресей Федерациясының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу барысында тиісті жәрдем көрсетуді қамтамасыз етсін.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

8

т а м ы з д а ғ ы

№

1 3 4 - ө

ө к і м і н е

қосымша

## **Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Ресей Федерациясының ресми делегациясы мүшелерін (1+5 форматы бойынша) және Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін Астана қаласындағы қонақүйге орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапардың бағдарламалары, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Ресей Федерациясының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын және гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің атынан Ресей Федерациясы Президентінің құрметіне қабылдаулар (таңғы, түскі, кешкі ас, соның ішінде бейресми) ұйымдастыру.

5. Ресей Федерациясының ресми делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. Іс-шараларды өткізу орындарын техникалық қамтамасыз ету, тақырыптық және  
г ү л м е н б е з е н д і р у .

7. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысына және мүшелеріне,  
сондай-ақ оларға еріп жүретін адамдарға көліктік қызмет көрсету.

8. Ресей Федерациясы ресми делегациясының басшысына және мүшелеріне,  
сондай-ақ оларға еріп жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

9. Астана қаласында екіжақты кездесулер мен қабылдаулар өткізу үшін залдарды  
жалға алу.